

## Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

«Асанкеткен кен орнын игеру жобасына қосымша (01.07.2024 ж. зерттелу жағдайы бойынша) ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдалым.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Атырау облысы Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Асанкеткен кен орнын игеру жобасына қосымша (01.07.2024 ж. зерттелу жағдайы бойынша) ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі **«Атырау облысы Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Әкімшілік жағынан Асанкеткен кен орны Қазақстан Республикасы Атырау облысының Жылыой ауданына жатады.

Угловые точки №/№	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	гр.	мин.	сек.	гр.	мин.	сек.
1	46	43	07	53	21	33
2	46	43	04	53	21	46
3	46	44	50	53	22	23
4	46	44	42	53	22	33
5	46	44	38	53	22	30
6	46	44	31	53	22	23
7	46	44	33	53	21	55
8	46	44	36	53	21	44
9	46	44	48	53	21	14
10	46	44	57	53	20	59
11	46	45	04	53	21	08
12	46	45	08	53	21	15

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Атырау облысының Жылыой аудандары (келісімшарттық аумақ осы ауданның жерінде әкімшілік орналасқан).

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «Jasul Energy» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі, БИН: 220340025060, Алматы, Сәтбаев көшесі, 18"А"тел.: 8-778-514-1483, эл. почта: [gulzhanat@tradexhouse.com](mailto:gulzhanat@tradexhouse.com)  
Директор: РЗИЕВА ЗАРЯ АСКАРОВНА

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. «НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы" Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі. Занды мекенжайы: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 5-ықшамауданы, 5ғ үй. Телефон: 8(7292)303-701 e-mail: [mail@nrc.com.kz](mailto:mail@nrc.com.kz), БСН 010140003415, Директор: Сақауов Б.К.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық отырысының күні (күндері) мен уақыты):

Күні: 31.01.2025ж., 15:00

Тіркеу уақыты: 31.01.2025ж. 14:30 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 31.01.2025ж. 15:00 мин.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 31.01.2025ж. 16:20 мин.

Өткізу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а.о., Қосшағыл а., Қосшағыл а. Мәдениет үйі Қамыскөл к-сі 79 ғимарат.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференц байланыс арқылы) өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматында қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы келесі сілтемеге өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvfPG.1>

Идентификатор конференция: 984 078 7984

Код доступа: 123456

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Шығыс нөмірі: 24391823001, Күні: 18/12/2024ж. **Қосымша-1.**

Шығыс нөмірі: 24391823001, Күні: 20/12/2024ж. **Қосымша-2.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы **Хаттаманың №3** қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/Edit/23165>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» КММ. Жарияланған күні: 20/12/2024ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Кең Жылыой» 26.12.2024ж. №52 (8152) Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** қоса берілген.

25.12.2024ж. «АТЫРАҰ» телеарнасы эфиріне шыққан, (Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына телеарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы эфирлік анықтама қоса берілген). Эфирлік анықтама №206, 19.12.2024ж **4-қосымшада** қоса берілген.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а.о., Қосшағыл а., Қосшағыл а. Мәдениет үйі Қамыскөл к-сі 79 ғимарат мекенжайы бойынша екі тілде бір дана хабарландыру.** Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымша 5.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы болып бірауыздан «Азербает Султанбек» сайланды.

Дауыс бергендер «қарсы емес» – «33» адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)  
Дауыс бергендер «қарсы емес» – «33» адам, «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: Кисманова А.Н., «НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі.

Баяндаманың тақырыбы: «Асанкеткен кен орнын игеру жобасына қосымша (01.07.2024 ж. зерттелу жағдайы бойынша) ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) 24 бетті презентация. **Қосымша 6.**

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	<p>Қосшағыл ауылының тұрғыны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қалдықтарды тасымалдауға қандай мекемемен келісімшартқа отырасыздар?</li> <li>- Келісімшарт көшірмелеріңіз бар ма?</li> <li>- Жобаны түсінбей отырмын. «Дополнение к проекту» - дейді. Жобаның өзі қандай? Кен орнын жаңадан сатып алып отырасыздар ма?</li> </ul>	<p>«Jasyl Energy» ЖШС:            - "WEST DALA" "ВЕСТ ДАЛА" ЖШС, т.б. мамандандырылған ұйымдармен келісімшарт жасалынды.</p> <p>Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы:            - Барлық келісімшарт, төлем түбіртектерін барлығын біз көрдік.            - Асанкеткен кен орнын игеру жобасына <b>қосымша</b> ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы.            - Жоқ, олай емес. Жер қойнауын пайдаланушы Атырау облысында, Қазақстан Республикасында 04.03.2003 ж. №1117 келісімшартқа ие "Jasyl Energy" ЖШС болып табылады. Келісімшартқа №15 қосымшаға сәйкес 2014 жылғы 21 қазаннан бастап Асанкеткен кен орны бойынша өндіру кезеңіне көшу жүзеге асырылды.</p>	Ескерту алынды
2	<p>Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы:            - Қайырлы күн. 13 қараша 2024 жылы, Асанкеткен, Боркылдақты, Қызылжар кен орындарын игеру құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін Құлсары қаласында қоғамдық тыңдау өтті. Мен сол қағазды ала келдім бүгін. Орналасу картасында Құлсары қаласы 35 км жерде орналасқан екен Асанкеткен кен орны. Ол жобада «Ашық</p>	<p>«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:            - Google картасы бойынша есептеп шығардық.            - Саламатсыздарма. Біз өзіміздің ұсынып отырған жобамызға жауап берейік. Асанкеткен кен орнын игеру жобасына <b>қосымша</b> ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы. Осы жоба бойынша Google картасында берілген координаттар бойынша Қосшағыл елді</p>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

Жол Сервис» ЖШС жобалаушы болды. Осы мекеме біздің Құлсары қаласында өткізді. Асанкеткен кен орны 35 км жерде орналасқан деп айтқан болатын. Бүгін басқа жобалаушы мекеме. Енді сіздер Асанкеткен кен орны жобасын Қосшағыл ауылынан 34 км шақырым жерде орналастырасыздар, ал Құлсары 53 км деп есептейсіздер.

- Алия ханым, Google картасы қалай көрсететінін білмейміз. Алайда, басқа да жобаларда осындай жағдай болды. Біріншіден, бұл жоба «Ашық Жол Сервис» ЖШС жобалаушы мекемемен Құлсары қаласында өтті. Бұл кен орнын игеру және құрылыс басталған жоба. Қазіргі таңда, сіздер кен орнын өндіруге (добыча) келіп тұрсыздар. Солай ма? Енді сіздер келіп, ең жақын елді мекен деп Қосшағыл аймағына өзгертіп отырсыздар. Бірақ, Құлсары қаласында өту керек еді. Не себепті? Нүктесін өзгертіп отырсыздар. 53 км Құлсары қаласы деп. Ал сол жобада 35 км жерде орналасқан Құлсары. Орналасу картасын не себепті ауыстырдыңыздар?

- Алдыңғы қоғамдық тыңдау қалай өтіп кетті? «Ашық Жол Сервис» ЖШС мекемесі бізге жалған ақпарат берген бе? Картаны кім өзгертті?

- Жобаланатын объектінің қысқаша сипаттамасында сіз Қосшағыл ауылын 34 км деп қойдыңыз. Ал бұл 2024 жылдың 13 қараша айында өткен қоғамдық тыңдалым – 35 км шақырым жерде орналасқандықтан Құлсары қаласында өтті.

- Асанкеткен кен орны қайда?

- Не себепті сіздер онда әр қайсысын бөлек өткізбедіңіздер? Әр кен орынды неге бөлек-бөлек жоба болмады? Асанкеткенге бөлек жоба,

- Қорытынды алсаңыз, осы жоба ықтимал әсері дейсіз, ия? Ол алдыңғы жобаның жалғасы.

- Сіздердің бүгін көрсетіп отырған жобаныз, алдыңғы жобаның жалғасы. Мен түсініп отырмын. Сіздер «проект пробное эксплуатации» жасайсыздар бірінші. Кейін «Ықтимал әсері туралы есеп жобасын» жасайсыздар. «Описание отчет о возможных воздействиях» жобасын әкелесіздер. Қазір келіп тұрған жобаныз осы.

- Асанкеткен, Боркылдақты, Қызылжар кен орындарының жобасына Құлсары қаласын 35 км деп көрсеттіңіз. Енді осы жобада Құлсары қаласын 53 км-ге ысырып, Қосшағыл ауылына келіп отырсыздар.

- Эмиссияда барлығы бір нүкте емес пе?

мекені 34 км шақырым жерде орналасқан.

- Мен басқа жоба жөнінде жауап бере алмаймын. Ол картаны ешкім өзгерте алмайды. Google картасына геологиялық бөлу координаттары арқылы енгізіледі.

Сондай-ақ, Жылыой әкімшілігінен түскен хат бар. Ең жақын елді мекені Қосшағыл ауылы деп расталды.

- «Jasyl Energy» ЖШС:

Қызылжар кен орны – 35 км шақырым жерде орналасқан Құлсары қаласынан. Жобада 3 кен орны көрсетілген. Асанкеткен, Боркылдақты, Қызылжар.

- Асанкеткен Құлсары қаласынан 53 км шақырым жерде орналасқан. 3 кен орны әр жерде орналасқан.

- «Ашық Жол Сервис» ЖШС мекемесі Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы, яғни өндіруге эмиссияға рұқсат аламыз.

- Жоқ, екеуі екі бөлек жоба. Бұл екі түрлі жоба. Қызылжар кен орны Құлсары қаласынан 35 км шақырымда орналасқан.

- Проект НДС бөлінбейді.

- Жоқ. Қазір келіп тұрған Асанкеткен кен орнын игеру жобасына қосымша ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы. Сізге жауап берейін. Қазір көрсетіліп отырған жоба: ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ «Дополнение к проекту разработки месторождения Асанкеткен. Гульмира ханым айтып отырған жоба ол: «Проект НДС на эмиссию». Добыча алу үшін жыл сайын экология департаментінен эмиссияға рұқсат аламыз.

- 3 кен орнына эмиссия аламыз.

- Ол жоба «Проект НДС на эмиссию» болған. Қызылжар 35 км шақырым жерде орналасқан Құлсары қаласынан. Ал бұл басқа жоба.

- Жоқ. Үшеуі үш жерде орналасқан.

- Жоқ. Асанкеткен суға кеткен жоқ.

Қосшағыл ауылының тұрғыны:

- Жауабын экология департаментінен сұрайық.

«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:

- Сондай-ақ, Жылыой әкімшілігінен түскен хат бар. Ең жақын елді мекені Қосшағыл ауылы деп расталды.

<p>- Онда 3 кен орын болса, әр кен орынға жеке-жеке жоба жасаңыздар. Асанкеткен кен орнына бөлек, Қызылжарға бөлек.</p> <p>- Не себепті бөлінбейді? Асанкеткен көктем мезгілінде суға кетті ме?</p> <p>- Неге кеткен жоқ? Асанкеткен суға кетті. Ембі өзені 6,5 км жерде орналасқан.</p> <p>- Жылыой әкімшілігі рұқсат береді ма сіздерге? Сіз ренжімеңіз. Сіздің хатыңызды оқып мен шатасамын. Қайда баратынымызды білмейміз.</p>	<p>- Бірінші: Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына, Атырау облысы Жылыой ауданы әкімінің аппаратына, СЭС-ке хат жіберілді.</p>	
<p>"Байтак болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі:</p> <p>8 белсенді (действующий) ұнғымалар бар. Тұздың астыңғы қабаты ма, әлде тұздың үстіңгі қабаты ма?</p> <p>- Асанкеткенге менің өзімнің барған жерім. Жем өзенінің дельтасында орналасқан. Нактырақ айтқанда 6 шақырым жер. Ұлы Жем өзені 2-ге бөлініп кеткенде, соңғы рет теңізге 2016 жылы Асанкеткен арқылы қосқан. Теңіз Жем өзеніне келіп, екі орта жалғанып кетті. 2024 жылы Жем өзені тасып кетіп, Ақтөбе қаласында 11 кен орнында химиялық сылағымен бүкіл жерді шайып, Құлсарыға келді. Теңізге кетіп, мыңдаған балықтар жойылып жатыр. Жем өзені нағыз Атырау қаласының дельтасында орналасқан. Кен орны басында екеніне мен келіспеймін. 11 ұнғыманың барлығын төбеден қазу мүмкін емес. Мұнай сақтайтын қазандарыңыз бар, ия? Уақытша сақтайтын үлкен қазан тұр. Жем өзені келген жағдайда, Асанкеткен кен орнында қорғаныс жағдайлары қарастырылған ба? Әлде барлығын теңізге әкетеді ме? Менің сұрағым: Жем өзені тасып кеткен жағдайда, қалай қорғанасыздар? Жем өзенін қалай қорғаймыз?</p> <p>- Дамбы (бөгеттер) бар ма?</p> <p>- Қосымша жобаларыңызда қарап отырмын. Сіз сонда қосымшаға рұқсат ретінде ұнғымаларға перфорация жасағыларыңыз келіп тұр ма?</p> <p>- Асанкеткен перспективті кен орын болып саналады. Барлық пайда әкелетін кезең ішінде мұнайдың жиынтық өндірісі – 435,4 мың тонна. Өндіруші ұнғымалар қоры -6 ұнғыма.</p> <p>- Жердің байлығы. Ата-бабаларым Асанкеткеннің айналасында орналасқан. Сондықтан кен орынды жақсы білемін. Бір ғана сұрағым бар. Кен орнында жергілікті адамдардан, бір барғанымда бір Құлсарының адамдарын таба алмадым. Кен орнында бір Құлсарының адамдары жоқ. Жалпы пропорцияны сақтайтын адамдар бар ма бұл мекемеде? Жергілікті</p>	<p>- «Jasyl Energy» ЖШС: Тұздың үстіңгі қабаты</p> <p>- Біріншіден, Жем бізге такалып тұрған жоқ. Екіншіден, сіз айтып отырсыз ұнғымалардың барлығы сайда деп. Жалпы жобаны қарасаңыз, ұнғыманы -наклон направление (көлбеу бағыт) сайға салмаймыз. Сол себептен, ол қымбат бұрғылау жұмыстары болса да, шама келгенше төбесінен салып, көлбеу бағытымен барып тұр. Сондай-ақ, төтенше жағдай туындағанда, біз дамбы қойдық. Адамдардың қауіпсіздігі үшін дамбы қойылды.</p> <p>- Иә.</p> <p>- Иә. Перфорация болғанда, бұл бар ұнғымалар. Бар болғаны 6 ұнғыма. Сорғыту ұнғымалары (фонд нагнетательных скважин) қоры – 2 бірлік Ондай қатты атқарылатын жұмыстар жоқ, тек қосымша перфорация болады. Қорларды қайта есептеу.</p> <p>- Сіздерге тағы түсіндіріп өтейін. Проект разработки деп тұр. Алдыңғы жоба эмиссияға рұқсат алу. Жұмыс жасап жатқан, пайдаланып жатқан ұнғымалардың эмиссиясы. Ал бұл жобадан Қосымша түрде ұнғымалардағы перспективті интервалдарды атқылау жоспарлануда.</p> <p>- рентабельді даму кезеңі - 10 жылға беріліп тұр. Оны 10 жылға бөлініз. 6 ұнғымаға ол көп емес.</p> <p>- Пропорция сақталып жүр. Оны жасыратын ештеңе жоқ. Қыздар мен жігіттер жалақысы аз деп жұмыстан шығып кеткендерде болды.</p> <p>- Басқа жұмыс орнын тауып, жұмыстан шығып кеткендер көп. Жалпы, қазір Құлсарының азаматтары бар жұмыс жасап жатқан.</p> <p>- Бюджетке байланысты.</p> <p>Төраға: Жоба бойынша сұрақ қойсаңыздар.</p>	<p>қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ</p>

	<p>халыққа деген пропорция.</p> <p>Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Не себепті ақшаны аз бересіздер?</li> <li>- Жағдайы нашар шығар</li> <li>- Бюджеттеріңіз жақсы сияқты.</li> </ul>		
3	<p>Қосшағыл ауылының тұрғыны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қанша адам жұмыс жасап жатыр?</li> </ul>	<p>«Jasyl Energy» ЖШС:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- 4 адам күндізгі ауысым, 3 адам түнгі ауысымда жүреді. Басқа жұмыс орнын тауып, жұмыстан шығып кеткендерде бар.</li> </ul>	<p>қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ</p>
4	<p>"Байтак болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Перечень и характеристика загрязняющих веществ при строительстве скважин (Құрылыс барысында шығарындылардың тізімі және сипаттамасы) от 1-ой скважин – 119,02 тонна, от 2-х скважин – 238,046 тонна дейді. Яғни осы шығарынды ауаға шығаруға рұқсат па? Менің ойымша, ол көп сияқты.</li> <li>- "Байтак" қоғамдық бірлестігі мені түсінбеуі мүмкін. 19 зиянды заттар шығарылады ма?</li> <li>- Оның ішінде 1 ғана метан ластаушы затына 1 тоннасына – 73 теңге төлейді. 1 ингредиентке – 73 теңге төлейді. Рұқсат еткен 100 тоннадан артық кетсе, біздің аудандық бюджетке айыппұл ретінде қомақты қаржы түседі. Шеврон мекемесі 80 тоннадан – 182 мың тонна рұқсат аламыз дегенде қарсы болды. Сол секілді бұл жерде шығарынды мөлшерін азайту керек деп ойлаймын. Ұңғыманы құрылыс кезіндегі ластаушы заттар тізімі парақшасы ортасынан шықты. Негізгі жобасы көрінбеді.</li> <li>- Жалпы титулдық бетінде: ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ к "Дополнению к проекту разработки месторождения Асанкеткен" - деп жазылған. Мен негізгі жобаның өзін сұрадым.</li> <li>- Себебі, бір бетін ашып қалсам, перфорация жасаймыз, қосымша атқылау жасаймыз деп жазылған. 3 нұсқа ұсынғансыздар. Басқа бетін қарасам, ұңғымаларды салу апараты тұр. Максималды халық түсінбесін деп жазғансыздар ма?</li> <li>- Кестені мен ашып қарадым. Онда ұңғымалардың құрылысы туралы жазылып тұр.</li> </ul>	<p>«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұл максималды түрде есептелінеді жоба бойынша. Бұл дегеніміз игеру жобасына қосымша жобасы. Осы жоба аяқталғаннан кейін, ұңғымаларды салу жобасы болады әр ұңғымаға. Сол кезде нақты есептеулер шығады. Бұл максималды болжамды нұсқамен саналған есеп. Содан кейін, эмиссияға рұқсат алу үшін, нақты есептеулермен, нақты ластану көздері тізімімен болады. Ол жобада көрсетілген болжамды есептеулерден төмен болуы да мүмкін. Ол кезде тағы да қоғамдық тыңдау болады. эмиссияға рұқсат алу үшін тағы да қоғамдық тыңдау жүргізіледі.</li> <li>- 19 ингредиент.</li> <li>- Біз экологиялық жобаға қоғамдық тыңдау болғандықтан, мұнда экологиялық әсері туралы, яғни атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың тізімі, оның диаграммасы, қанша ингредиент шығатыны көрсетілген. Ал технология жөнінде тапсырыс беруші мекеме сізге нақтылап айтып бере алады. Біздің жоба – экологиялық жоба. Сондықтан экологиялық жобаның презентациясы болғандықтан, шығарындылар туралы, қалдықтар туралы ақпарат көрсетіледі.</li> <li>- ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНЫХ ВОЗДЕЙСТВИЯХ к "Дополнению к проекту разработки месторождения Асанкеткен" жобасы esportal.kz сайтында 30 күн бұрын порталға енгізілген. Ол порталға барлығына қол жетімді. Презентацияда қысқаша түрде барлығын сипаттап жаздым.</li> </ul> <p>Төраға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Экология департаменті онлайн қатысып отыр. Сол кісілерді де тыңдайық. Осы есептеулерді негізінен Экология Департаменті қарайды.</li> </ul> <p>«Jasyl Energy» ЖШС:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мен сіздің сұрағыңызға жауап берейін. Сізге кен орнын қосымша игеру</li> </ul>	<p>Ескерту алынды</p>

		жобасына арнайы эколог мамандар қарайды. Астанада әзірлеуші мамандар бар. Мұнай саласында жұмыс жасап жатқан жобалаушылар жұмыс жасап жатыр. Мұнда жазылып тұр: 1-нұсқа (негізгі), 2-нұсқа (ұсынылған), 3-нұсқа (балама) деп. Ұсынылатын нұсқаны 2-ші нұсқаны беріп тұр. Астанадағы министрлік қарап, осы 2-ші нұсқаны беріп отыр. Осы жобамен жұмыс жасаңдар деп.	
5	<p>Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Менің же айтатын сұрақтарым бар. Нормативтер жобасын айтып отырсыз ия, сіз? НДВ жобасы бойынша келдік деп кім айтты? есорportal.kz сайтына жобаны салуларыңыз керек еді.</li> <li>- Салынған жоқ. НДВ жобасын мен көрмедім. есорportal.kz сайты көрдім.</li> </ul>	<p>«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоқ. Келесі жобамен келеміз деп айтылды.</li> <li>- Жоба салынды.</li> <li>- НДВ жобасы болашақта болады.</li> </ul> <p>Ол жоба әлі өткен жоқ. Қазір кен орнын игеру жобасы.</p>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
6	<p>"Байтақ болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Экологиялық порталда Даму нұсқаларының технологиялық көрсеткіштері көрсетілген. Рұқсат алған уақытта осы 3 нұсқада рұқсат алып кетеді ме?</li> <li>- Неге тек соны жазбадыңыздар онда? Менің де жақсы тобым бар. Жарайды, жақсы. Халық өзі шешеді. Менің де экологиялық мықты мамандарым бар тобымда. Сіздердің жобаларыңызды қайта зерттеп шығамыз. Қайта қарастырайық жобаны.</li> </ul>	<p>«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоқ. Тек 2-ші ұсынылған нұсқа.</li> <li>- Заңға сәйкес жасалды бұл жоба.</li> </ul>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
7	<p>Құлсары қаласының тұрғыны – Гульмира Идрисқызы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қараша айында Құлсары қаласын айтқанбыз кен орнын қарауды. Және сол жерде бір жігіт ұсыныс берген болатын: «сол жерде жұмыс жасап кеттім, кішкентай шикіліктер бар, көрейік деп едік Біздер айтқан болатынбыз, басшылар қабылдаған болатын, бірақ, әлі күнге дейін ешқандай кен орнына барып көрмедік» - деп айтқан болатын. Сол себепті, бізде кішкене білгіміз келеді. Көрсетсін, қарайық.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ.</li> </ul>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
8	<p>"Байтақ болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- "Каспий нефть" АҚ күніне 30 тонна ағынды су шығарады септиктен және төгіп кетіп жатыр. Белсенділер ұстап алып жатыр.</li> </ul> <p>Қосшағыл ауылының тұрғыны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ешқандай асығыстық жоқ. Түсініспестік бар. Сондықтан 5 күнге шегеріп, сол күннің арасында барып қарайтындар, барып қарасын. Жобаны зерттейіндер зерттеп келуге бізге уақыт беріңіздер. 5 күннің ішінде қайтадан келіп өткізіңіздер. Баяндама оқыған кезде 19</li> </ul>	<p>«Jasyl Energy» ЖШС:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Асанкеткен өндіру – 40 тонна, ол мекемеде – шамамен 1500 тонна болуы мүмкін. Егерде салыстырмалы түрде айтатын болсақ.</li> </ul> <p>«НПЦ "Ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-өкілі: Кисманова А:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сіздің алдыңызда презентация бар. 19 ингредиент аталды. Сіздің уақытыңызда алмауға, менде баяндамаға 10 минут беріледі регламент бойынша. Егерде мен 600 беттің барлығын оқитын болсам, кешке дейін отырамыз. Ингредиенттердің барлығы</li> </ul>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ

	<p>ингредиентті сіз неге айтпадыңыз? Атауларын неге оқып шықпайсыз?</p> <p>Құлсары қаласының тұрғыны –</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Аккизтоғай мен Майкөмгеннің ортасында болған катенің өзі, қайтадан карта мәселесіне келеді. Ол жерде барып, дәлелдегеннен кейін барып түзетілді.</li> <li>- Оны әкімшілікпен өздеріңіз шешіңіздер. Бізге пайдасы жоқ.</li> </ul>	<p>презентацияда көрсетілген.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жылыой ауданы әкімі - Қаражанов Жұмабек Байрақбайұлы мырзаға хат жолдадық. Картограмманы жібердік. Асанкенткен кен орнының координаттарын жібердік. 2 бет қағаз жауап түсті. Қосшағыл елді мекені ең жақын болып анықталды.</li> </ul>	
9	<p>Төраға</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құрметті қатысушалар. Егерде көпшілігіміз осындай ұсыныс қабылдап отырмыз. Қазір қараған жоқпыз, көрген жоқпыз деп отырмыз. Көп түсінбеушіліктер болып жатыр. Сол себепті, қоғам белсенділері кен орнына барып, қарап келу үшін 5 күнге кейінге шегерейік. Бүгінгі тыңдалымды осымен доғарамыз.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ұсыныс</li> </ul>	ұсыныс
10	<p>Қосшағыл ауылының тұрғыны:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Барып көрейік. Жобаны зерттейік. 5 күн ештеңе етпейді. Мекемеге де зиян болмайды, ешкімге де зиян болмайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ұсыныс</li> </ul>	қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ
11	<p>"Байтақ болашақ" республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Jasyl Energy» мекемесінің басшысына ESG стратегиясы жайлы қандай ұсыныстары бар. Жылыой ауданындағы барлық кен орнындарына ESG стратегиясын қазір ұсынып жатырмыз. Париж келісіміне Президент 2016 жылы қол қойды. ESG стратегиясын халыққа түсіндіріп айтып кетейін. Кен орындарын игерген үшін шахталарда, кез-келген Европа елінде, мұнай біткеннен кейін халық немен айналысады?! Осы мәселе бойынша стратегия. E-environment, қоршаған орта, S-әлеуметтік, әлеуметтік жауапкершілік, G-governance, басқару деңгейі мен стандарттары. Яғни, ешқандай құпиясыз 3 жақты болып: 1-үкімет, 2- мекеме, 3- халық. Қазір Жаңа Қазақстан. Конституцияда мұнайдың иесі - халық болса, халықты араластыру қажет. Қоғамдық кеңесті мен халықтың атынан кез-келген халықты кіргізуді сұраймын. «Jasyl Energy» мекемесін ESG стратегиясымен жұмыс жасауға шақырамын. Болашақта Жылыой халқымен жұмыс жасағысы келсе, осы стратегияны қолдансын. Себебі, біздің Президентіміз 2016 жылы Париж келісіміне 2050 жылға дейін егізінен көмірқышқыл газының (CO2) шығарындыларын азайтуға қол қойып, келісін берген. Егерде, біз ол келісімді орындамайтын болсақ, біздің мемлекетімізге триллиондаған айыппұл келеді. Халқымызды ойласақ, әлеуметімізді ойласақ ESG</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мекеменің назарына алынды</li> </ul>	ұсыныс

	стратегиясымен жұмыс жасауға шақырамын.		
12	<p>Төраға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жаксы. Қазір Департамент экологияға сөз берейік. Департамент Экология біз қоғамдық тыңдалымды қазір 5 күнге шегеріп отырмыз. Қойылған сұрақты естіп отырған шығарсыздар. Қарсы болмасаңыздар, уақытымыз аяқталды. Осымен қоғамдық тыңдауды аяқтаймыз.</li> <li>- Қоғамдық тыңдау өткен жоқ. Себебін біз қоғамдық тыңдалым уақытында айтып отырмыз. Біз сізде телефонмен тыңдай алмаймыз. Бізге микрофонға шығып айтуыңыз қажет, халық тыңдауы қажет. Сіздің дауысыңыз естілмейді.</li> <li>- Себебі кен орнының басына барып қараймыз. Сол жерде танысамыз.</li> <li>- Келесі жұма.</li> </ul>	<p>«Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ бас маманы - Арстанова Гаухар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Төраға мырза, қоғамдық тыңдау өтті ме? 5 күнге шегеру үшін негіз болу қажет. Мен сіздерді тыңдадым.</li> <li>- Қоғамдық тыңдау өтпеді деген бөлек мәселе, 5 күнге шегерілді деген басқа мәселе. 5 күнге шегеру үшін основание болу қажет.</li> <li>- Не себепті кейінге шегеріп жатырсыздар?</li> <li>- 5 күннен кейін не өзгереді?</li> <li>- 5 күнге шегеру үшін келісім болу қажет. Қай күнге шегеріп жатсыздар?</li> <li>- Соңғы күн – 6 ақпан болады. Ескертулеріңіз, сұрақтарыңыз болса беріңіздер, олар ауызша жауап берсін.</li> </ul>	ұсыныс
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Атырау облысы бойынша экология департаментінің реттеу бөлімінің маманы: Айнұр Халиахметова:</li> <li>- «Jasyl Energy» мекемесіне 30 қаңтар күні ескертулер бердік. 5 жұмыс күннің ішінде олар қоғамдық тыңдалым хаттамасын беру қажет. Ол 5 күннің ішінде үлгермейді. Ескерту жойылмаған болады ол кезде. Кім жауап береді? Жауаптарын жазсын 5 күн ішінді. Болмаса жобаны қайтадан кері қайтарып аласыздар. Халық қарсы болып, төраға жауып жатса, қоғамдық тыңдауларыңыз өткен жоқ. «Jasyl Energy» мекемесі ескертпелерге жауап беріп үлгермейді.</li> <li>- Кейінге шегеру болса, айдың басына дейін, қоғамдық тыңдау хаттамасымен бірге өткізіп үлгері қажет.</li> <li>- Заңсыз кейінге қалдырып жатыр. Қандай себеппен олар кейінге қалдырады? Есептеулердің барлығын эксперттер тексереді. Ол кісілер эксперттер ма? Егер сұрақтардың барлығына жауап берілсе, қандай негізде кейінге қалдырып жатыр? 4 ақпанға үлгермейді.</li> </ul>	<p>«Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ бас маманы - Арстанова Гаухар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамдық тыңдау өтпеді емес, ол кісілер кейінге шегеріп отыр. Соңғысы 6 ақпан.</li> <li>- Онда 3-4 ақпанға қойсын.</li> </ul>	

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар қабылданды.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Асанжолбаев Қалыжанов Қасымжанұлы

Астана қаласы әкімінің басқару аппаратының  
Төрағасының орынбасары 04.02.2025 ж.  
(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы,  
атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Агербаев Сұлтанбек

Руководитель ОТ, ТБ и ДОО  
ТОО "Тасуи Индустри"

04.02.2025 ж.  
(өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы,  
атауы, қолы, күні)

**"Jasyl Energy" компаниясының Асанкеткен кен орнын игеру жобасына қосымша болуы мүмкін әсері туралы Есеп жобасында көрсетілген қызметке сұрау салу**  
**08.01.2025 ж. №KZ89RVX01255049 бойынша ұсынымдар мен ескертулердің жиынтық кестесі**  
**Хаттама**

Жиынтық кестені құру күні: 22.01.2025.

Жиынтық кестені жасау орны: Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысының экология департаменті Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардан ескертулер мен ұсыныстарды жинау туралы хабарлама күні: 09.01.2025.

Мүдделі мемлекеттік органдардан ескертулер мен ұсыныстар беру мерзімі: 08.01.2025-22.01.2025.

Мүдделі мемлекеттік органдардан ескертулер мен ұсыныстар жинау.

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескертулер мен ұсыныстар	Ескертулерге жауаптар	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс)
1	Атырау облысының экология департаменті	<p>1. 336-баптың 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алуға міндетті.</p> <p>Осыған байланысты қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға қалдықтарды беруді көздеу қажет.</p> <p>2. ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабы 2-тармағының талаптарын сақтау қажет, қалдықтарды жинақтау орындары қалдықтарды жинау (Мамандандырылған ұйымдарға беру) күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге дербес әкетуге арналған.</p> <p>3. Кодекстің 329-бабына сәйкес қалдықтардың түзілуін болдырмау және пайда болған қалдықтарды басқару жөніндегі шаралардың мынадай иерархиясын қоршаған ортаны қорғау және Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету мүддесінде олардың артықшылығының кему тәртібімен қолдануға тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қалдықтардың пайда болуын болдырмау;</li> <li>2) Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау;</li> <li>3) қалдықтарды қайта өңдеу;</li> <li>4) Қалдықтарды кәдеге жарату;</li> <li>5) қалдықтарды жою.</li> </ol> <p>4. Кодекске 4-қосымшаға сәйкес іс-шараларды, сондай-ақ қоршаған ортаға қолайсыз әсер етудің ықтимал нысандарының алдын алу, болдырмау және азайту, сондай-ақ оның зардаптарын жою бойынша ұсынылатын шараларды енгізуді көздеу: атмосфералық ауаны қорғау; су экожүйелеріне әсер етуден қорғау; су объектілерін қорғау; жерді қорғау; жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау; ; радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік; басқару жүйелерін және ең жақсы қауіпсіз технологияларды енгізу.</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11</p>	<p>1. 1-тарауда 1.9.2-бөлім және есептің 9-тарауында қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға қалдықтарды беру көзделген.</p> <p>2. Есептің 1-тарауының 1.9.2-бөлімі ҚР Экологиялық кодексінің 320-бабы 2-тармағының талаптарын сақтауды көздейді.</p> <p>3. Есептің 8-тарауының 8.5-бөлімінде ҚР Экологиялық кодексінің 329-бабының талаптары көзделген.</p> <p>4. 12-тараудың есебінде экологиялық кодекске 4-қосымшаға сәйкес іс-шаралар көзделген.</p> <p>5. Санитарлық ережелердің 50-</p>	ескерту алынды

